



Бекітемін:

Мектеп директоры:

М.А. Умбеталин

«30» 08 2022ж

Келісемін:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Е.О. Килибаев

«30» 08 2022ж

Қаралды: хаттама №

ӘБ жетекшісі:

Қ.С. Абдуллина

«29» 08 2022ж

Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектебінің
бастауыш класс мұғалімі Д.Т. Бисембаеваның 2021-2023 оқу жылындағы
3-класқа арналған класс сағаттарының жоспары

Тәрбие жұмысының жоспары



Тәрбиенің мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ коэволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
8. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
9. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Тәрбиенің негізі мазмұнын жаңартудың басым бағыттары

<p>1. Бағыты: қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие Мақсаты: балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас.</p>
<p>2. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жағырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; "Өзін-өзі тану" негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру.</p>
<p>3. Бағыты: ұлттық тәрбие Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау.</p>
<p>4. Бағыты: Отбасылық тәрбие Мақсаты: неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.</p>
<p>5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамыту, қайталанбас құндылық ретінде табиғатты сүю; кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік.</p>
<p>6. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу Мақсаты: әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.</p>
<p>7. Бағыты: көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, менгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру.</p>
<p>8. Бағыты: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты Мақсаты: салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру.</p>
<p>Басқа бағыттар</p>

Тәрбие жүйесінде басшылыққа алынатын құжаттар

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесі құжаттар:

- ✓ «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы
<https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/>;
- ✓ Қазақстан Республикасының Конституциясы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002>;
- ✓ «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>;
- ✓ 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext>;
- ✓ «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345
<https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- ✓ «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV
<https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- ✓ «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI
<https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- ✓ «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
- ✓ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері <https://nao.kz/>
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері <https://nao.kz/>.

Тәрбие саласына қатысты қазақстандық және халықаралық мерекелер мен атаулы күндер:

- 10 тамыз - ҚР Үкіметінің қаулысымен Абай күні;
- 30 тамыз - ҚР Конституциясы күні;
- 1 қыркүйек - Білім күні;
- 10 қыркүйек - Отбасы күні;
- 15 –қыркүйек. Денсаулық фестивалі. (1 аптасы.)
- 15.09-19.09. Діни экстремизмнің алдын алу күні
- 22 қыркүйек – Қазақстан халықтары тілдері мерекесі күні;
- 1 қазан - Қарттар күні;
- 4 қазан - Ұстаздар күні;
- 28.10.- Еңбек күні.
- 15.10-15.11. Құқықтық тәрбие айлығы.
- 15 қараша - Ұлттық валюта күні;
- 02.11.-07.11. Зорлық-зомбылықтың алдын алу.
- 01.12. Дүниежүзілік СПИД-АИТВ алдын алу.
- 20 қараша – Балалар құқығы туралы Конвенция күні;
- 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні;
- 10 желтоқсан - Адам құқығы күні;
- 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні;
- 15 ақпан – Салауатты өмір салты күні;
- 15 ақпан- Кеңес әскерінен Ауғанстаннан шығарылған күні.
- 01.наурыз- Алғыс айту күні.
- 1 наурыз – Азаматтық қорғаныс күні;
- 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні;
- 22 наурыз – Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесі;
- 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні;
- 7 сәуір - Дүниежүзілік денсаулық күні;
- 10 сәуір- Ескерткіштерді қорғау күні.
- 10 сәуір -21 сәуір аралығында «Қауіпсіз Интернет» атты Республикалық ақпараттық науқан
- 12 сәуір – Ғылым және Космонавтика күні;
- 1 мамыр- Халықтар достығы және ынтымақтастығы күні;
- 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні;
- 9 мамыр - Жеңіс күні;
- 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні;
- 31 мамыр –Саяси қуғын сүргін құрбандарын еске алу күні.
- 1 маусым - Балаларды қорғау күні;
- 4 маусым – ҚР мемлекеттік рәміздер күні;

2022-2023 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар ұсынылады:

- ✓ «Оқуға құштар мектеп»;
- ✓ «Отбасы – орта мектеп»;
- ✓ «Құқықтық сана – қауымға пана»;
- ✓ «Дәстүр мен ғұрып»;
- ✓ «Еңбек – елдің мұраты»;
- ✓ «Үнем – қоғам қуаты»;
- ✓ «Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет»
- ✓ «Психологиялық көмек көрсету және мектептің татуластыру қызметтерін ұйымдастыру»
- ✓ «Қоғамға қызмет»;
- ✓ «Мектеп өмірінің бір күні»;
- ✓ «Дебат» қозғалысы;
- ✓ Оқушылардың «Өзін-өзі басқару» ұйымдары;
- ✓ «Өзін-өзі басқару күні», «Өзін-өзі басқару аптасы» жобалары;
- ✓ «Музей сабақтары» – «Музей күні» жобасы;
- ✓ «Театр сабақтары» жобасы.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША АЙЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

Қыркүйек

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
1	Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық құқықтық тәрбие	«Терең білім, еңбексүйгіштік және отаншылық!» салтанатты жиынын өткізу, сынып сағаттарын өткізу 1-11 сыныптар.	Сынып жетекші	1-Қыркүйек
2	Дене тәрбиесі , салауатты өмір салты	«Денсаулық-зор байлық» Эстафеталық ойындар	Сынып жетекші	6-Қыркүйек
3	Көп мәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	«Тілім барда айтылар сөз ойдағы» өлең оқу	Сынып жетекші	13-Қыркүйек
4	Отбасы тәрбиесі	«Отбасы – орта мектеп»	Сынып жетекші	20-Қыркүйек
5	Зияткерлік тәрбие , ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Оқуға құштар мектеп» (кітап оқуды ұйымдастыру)	Кітапханашы; Сынып жетекші	27-Қыркүйек

Қазан

1	Рухани адамгершілік тәрбие	«Қарттарым-асыл қазынам» «Ұстаз-ұлы тұлға» ұстаздарға арналған құттықтаулар. Ашық хаттар. Бейне құттықтау.сынып сағаты	сынып жетекші	4-Қазан
2	Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық құқықтық тәрбие	«Құқықтық сауаттылық –заман талабы» шығармашылық ізденіс.	Сынып жетекші	11-Қазан
3	Көп мәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	«Театр сабақтары» жобасы аясында Балалар және театр ертегілерденкөріністер ұйымдастыру	Педагог ұйымдаструшы Сынып жетекші	18-Қазан
4	Еңбек , экология және экономикалық мәдениетті қалыптастыру	«Арайлы алтын күз» күзгі дәнді дақылдарын экибана жасап, суретке түсіріп, ғаламтор желісіне жариялау.	сынып жетекші	25-Қазан

Қараша

1	Еңбек , экология және экономикалық мәдениетті қалыптастыру	«Еңбек – елдің мұраты»	Сынып жетекші	1-Қараша
2	Дене тәрбиесі , салауатты өмір салты	«ЖҚТБ ауруынан сақтану жолдары»	Сынып жетекші	8-Қараша
3	Рухани адамгершілік тәрбие	«Теңге-тәуелсіздік келбеті» сынып сағаты	Сынып жетекші	15-Қараша
4	Зияткерлік тәрбие , ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Ғылымға құштар жас өрен» білім сайысы	Сынып жетекші	22-Қараша
5	Ұлттық тәрбие	Біз Жас Ұлан –Елбасының тірегі ,еліміздің жүрегі» 1 желтоқсан- Президент күні!Флешмоб	Сынып жетекші	29-Қараша

Желтоқсан

1	Рухани адамгершілік тәрбие	«Мектеп өмірінің бір күні»	Сынып жетекші	6-Желтоқсан
2	Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық құқықтық тәрбие	«Тәуелсіздік жетістіктері» тәрбие сағаты	Сынып жетекші	13-Желтоқсан
3	Еңбек , экология және экономикалық мәдениетті қалыптастыру	«Жер – ортақ үйіміз» суреттер сайысы	Кітапханашылар ДТДЖО	20-Желтоқсан
4	Зияткерлік тәрбие , ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Жаңажылдық кездесу	Бастауыш класс жетекшілері	27-Желтоқсан

Қаңтар

1	Рухани адамгершілік тәрбие	«Бабадан қалған асыл сөз»Қаз дауысты Қазбек би танымдық сабақ	Сынып жетекші	10-Қаңтар
2	Еңбек , экология және экономикалық мәдениетті қалыптастыру	Ата-анамның жұмысындағы 1 күн» бейнероликтер түсіру	Сынып жетекші	17-Қаңтар
3	Ұлттық тәрбие	«Әдептілік адамгершілік бастауы» танымдық сағаты	Сынып жетекші	24-Қаңтар
4	Көп мәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	«Музей сабақтары» – «Музей күні» саяхат сабағы	Педагог ұйымдаструшы Сынып жетекші	31-Қаңтар

Ақпан

1	Еңбек , экология және экономикалық мәдениетті қалыптастыру	"Ертегі кейіпкерлері" сынып сағаты	Сынып жетекші	7-Ақпан
2	Көп мәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	«Бейбітшілік балалар көзімен» сурет байқауы	Сынып жетекші	14-Ақпан
3	Ұлттық тәрбие	«Бала –ұлттық тәлім- тәрбие бастауы»	Сынып жетекші	21-Ақпан
4	Отбасы тәрбиесі	«Алғыс айтам бәріне»	Сынып жетекші	28-Ақпан

Наурыз

1	Рухани адамгершілік тәрбие	8 наурыз мерекесіне орай «Кішентай ханшайым» сайысын ұйымдастыру	2-11 сыныптар Сынып жетекшілер	7-Наурыз
2	Ұлттық тәрбие	«Қош келдің Өз Наурыз!» сайыстары, ұлттық ойындар, мерекелік байқаулар.	3- сынып қыздарымен. Сынып жетекші	14-Наурыз
3	Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық құқықтық тәрбие	«Ұранды елдің-ұрпағы қайсар»	Сынып жетекші	28-Наурыз

Сәуір

1	Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық құқықтық тәрбие	«Ұранды елдің-ұрпағы қайсар» әскери патриоттық ойын	сынып жетекші	4-Сәуір
2	Рухани адамгершілік тәрбие	12 сәуір-Ғарышкерлер күні.	сынып жетекші	11-Сәуір
3	Еңбек , экология және экономикалық мәдениетті қалыптастыру «	«Туған жердің асыл қазынасы» танымдық сағаттары	сынып жетекші	18-Сәуір
4	Отбасы тәрбиесі	«Ынтымағы мен бірлігі жарасқан елдің келешегі кемел » (халықтар достығы күніне орай түрлі сайыстар концерттік бағдарлама	сынып жетекші	25-Сәуір

Мамыр

1	Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық құқықтық тәрбие	«Батырлар рухына бас иеміз» ,тәрбие сағаты	Сынып жетекші	2-Мамыр
2	Зияткерлік тәрбие , ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Ойлы болсаң, озып көр» алғырлар мен тапқырлар сайысы	Сынып жетекші	16-Мамыр
3	Ұлттық тәрбие	Ұлтымыздың тарихи, мәдени құндылықтары жайлы не біліміз? Танымдық сабақ	Сынып жетекші	23-Мамыр
4	Дене тәрбиесі , салауатты өмір салты	Көңілді эстафеталық сайыс	Сынып жетекші	30-Мамыр

2022–2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының толық талдамасы

Класс жетекші: Бисембаева Динара Тастанбековна

Сыныбы: 3-сынып

Оқушылар саны: 16

Талдау бағыты: Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері және «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүргізілген тәрбие жұмыстары

I. Кіріспе

2022–2023 оқу жылында 3-сыныпта барлығы 16 оқушы білім алды. Тәрбие жұмысы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері, «Мәңгілік Ел», «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен жаңартылған білім мазмұнына сай құрылды. Жас ерекшелігіне қарай баланың дүниетанымын, ой-санасын, рухани байлығын дамыту мақсатында әртүрлі тәрбиелік бағыттағы іс-шаралар жоспарлы түрде жүзеге асырылды.

Тәрбие жұмыстары оқушы, ата-ана және ұстаз үштігі арасында тығыз қарым-қатынас орнату арқылы жүргізілді.

II. Тәрбие жұмысының бағыттары мен атқарылған іс-шаралар

1. Азаматтық-патриоттық тәрбие

Мақсаты: Оқушылардың бойында Отанға деген сүйіспеншілік, туған елге, мемлекеттік рәміздерге деген құрмет сезімін қалыптастыру.

Сынып сағаты: «Мен – өз елімнің патриотымын», «Қазақстан – бейбітшілік пен татулық елі»

1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күніне арналған сурет байқауы

16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне арналған өлең оқу және тақпақтар сайысы

Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышымыз атты танымдық сағат

Жергілікті ардагерлермен онлайн кездесу

2. Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: Адамгершілік, ізгілік, сыйластық, мейірімділік қасиеттерін оқушы бойына дарыту.

Тәрбие сағаттары: «Жаксы сөз – жан азығы», «Дос болайық бәріміз», «Мейірімділік – асыл қасиет»

Қайырымдылық апталығы: «Жақсылық жаса – жүректен» атты акцияға қатысу

Ата-аналармен бірлескен «Ата-анам – тірегім» тақырыбында пікір алмасу кеші

«Ризашылық күніне» байланысты ашық хат жазу және тілек айту шарасы

3. Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу.

Наурыз мейрамы аясында ұлттық киімдер көрмесі және ән, би сайысы

«Қазақтың ұлттық ойындары» күні: асық ату, тоғызқұмалақ, арқан тартыс

«Мақтанышым – туған тілім» атты Тілдер күніне арналған ашық тәрбие сағаты

Салт-дәстүр апталығы: «Бесікке салу», «Тұсаукесер» туралы бейнежазбалармен танысу

4. Еңбек және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Табиғатты қорғауға, еңбекке сүйіспеншілікпен қарауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

«Таза аула – таза мектеп» атты сенбілікке қатысу

Гүл егу, сынып бөлмесін көгалдандыру шаралары

Сынып сағаты: «Біз табиғатты қорғаймыз!», «Ағаш – тіршілік кепілі»

«Эко-дос бала» тақырыбында сурет және қолөнер көрмесі

5. Салауатты өмір салтына тәрбиелеу

Мақсаты: Дене мәдениетін, тазалық сақтау әдетін қалыптастыру, зиянды әдеттерден аулақ болуға үйрету.

Спорттық іс-шаралар: «Көңілді старттар», «Денсаулық күні»

Таңертеңгі дене шынықтыру жаттығулары күнделікті дағдыға айналдырылды

«Салауатты өмір салтын ұстан!» тақырыбында бейнеролик қарау және талдау

Гигиена бұрышы ұйымдастырылып, оқушылар арасында түсіндіру жұмысы жүргізілді

6. Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: Отбасы – тәрбие негізі екенін түсіндіру, ата-анамен ынтымақтастықты нығайту.

Ата-аналар жиналысы: Тәрбиенің отбасындағы орны, бала тәрбиесінде жауапкершілік

«Менің отбасым – менің байлығым» шығармашылық байқауы

Ата-аналармен бірге «Бір күнім отбасыммен» атты фотоколлаж жасау

Ата-аналар клубы: «Сабырлы ата-ана – сәтті бала тәрбиесі» тақырыбында тренинг

III. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы жұмыстар

«Туған жер» бағыты бойынша жергілікті мәдени орындарға экскурсия ұйымдастырылды (кітапхана, тарихи ескерткіш)

«100 жаңа есім» жобасынан мысал келтіре отырып, танымдық сағат өткізілді

Ұлттық құндылықтар апталығы – тіліміз, дініміз, дәстүріміз туралы шағын сахналық қойылымдар

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» кітабынан үзінді оқу сағаттары

IV. Қорытынды

Оқу жылы бойы 3-сыныпта жоспарланған тәрбие жұмыстары толық орындалды. Оқушылар белсенділік танытып, әр бағыттағы іс-шараларға шын ықыласпен қатысты. Әсіресе патриоттық, рухани-адамгершілік және ұлттық бағыттағы іс-шаралар балалардың сана-сезіміне оң әсер етті.

Ата-аналармен тығыз байланыс орнатылып, ынтымақтаса жұмыс жүргізілді. Нәтижесінде, оқушылардың бойында жағымды қасиеттер мен құндылықтар қалыптаса бастады.

Ұсыныс пен болашақ жоспарлар

Оқушының тұлғалық дамуын кешенді қамтитын тәрбие формаларын көбейту

Ата-аналармен тренингтер мен семинарларды жиі өткізу

Жас ерекшелікке сай психологиялық қолдау шараларын қосу

Цифрлық сауаттылық пен кибермәдениет бағытында тәрбиелік жұмыстар жүргізу

Класс жетекші:  Д.Т.Бисембаева